16	Құжатнама	Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа және қысқаша нұсқаулыққа (Quick Guide) қолжетімділік.
17	Есеп	Қолданушылық есептерін құруға мүмкіншілік береді.
18	Жаңарту	Grundfos GO Remote қосымшасын жаңартуға мүмкіншілік береді.

9.3 ПАЙДАЛАНУ

9.3.1 Орнатылған мән

Реттелген пайдалану режимінде сезгіш элементті орнату ауқымы және өлшеу ауқымы бірдей.

Басқарудың **реттелмейтін** режимі кезінде орнатылған мән мейілінше жоғары өндірімділіктен % түрінде берілуі тиіс. Өндірімділікті орнату диапазоны м.ж. және м.т. сипаттаманың арасында орналасқан.

Орнатылған мән және сыртқы сигнал

Егер сорғымен басқару сыртқы сигналдармен жүзеге асырылатын болса (*Тоқтау, Мейілінше төмен немесе Мейілінше жоғары сипаттамалар*), онда орнатылған мәнді беруге болмайды.

Grundfos GO экранында мынандай ескерту пайда болады: «Внешнее управление!» (Сыртқы басқару!)

Сорғының тоқтатылуы 2-3 клеммалар (ажыратылған тізбек) арқылы орындалатынын немесе сорғы 1-3 клеммалар (тұйықталған тізбек) арқылы м.т. немесе м.ж. орнатылғанын тексеріңіз.

Орнатылған мән және шина арқылы берілетін байланыс

сондай-ақ егер сорғымен басқару байланыс шинасы арқылы басқарудың сыртқы жүйесінен жүзеге асырылатын болса, орнатылған мәннің берілуі мүмкін болмайды. Grundfos GO экранында мынандай ескерту пайда болады: «Управление через шину!» (Шина арқылы басқару!)

Шина арылы берілетін байланысты ажырату үшін, шинаның түйісуін ағытыңыз.

9.3.2 Жұмыс режимі

Келесі жұмыс режимдерінің біреуін беріңіз:

- *Макс.* (М.ж.)
- ***Норм.* (Қалыпт.)** (онда басқару режимдерін таңдау жүзеге асырылады)
- *Мин.* (М.т.)
- *Останов.* (Тоқтату.)

Пайдалану режимдерін орнатылған мәннің баптауын өзгертпей беруге болады.

9.3.3 Авариялар мен ескертулер

Жиілікті-реттегіш сорғылардың ақаулық индикациясы екі типте болуы мүмкін: авариялық сигнал немесе ескерту.

«Авария» Grundfos GO экранында авария индикациясын белсендіре түседі, бұл кезде сорғы басқа пайдалану режиміне ауысады, әдеттегідей, тоқтау. Бірақ аварияға әкеліп соғатын кейбір ақаулықтар кезінде, баптауларына сәйкес сорғы авариялы сигнал болған кезде де жұмысын жалғастыра береді.

«Ескерту» Grundfos GO экранында ескерту индикациясын белсендіре түседі, бірақ бұл кезде сорғы пайдаланудың немесе басқарудың басқа режиміне ауыспайды.

Нұсқау ***«Ескерту» индикациясы тек үш фазалы электр қозғалтқыштармен жабдықталған сорғыларға ғана қолданады.***

Авария

Сорғыда ақаулықтар туындауы барысында оның себептері дисплейге шығарылады.

Келесі ақаулықтар себептерінің индикациясы болуы мүмкін:

- *Отсутствие индикации аварии* (Авария индикациясының болмауы)
- *Перегрев двигателя* (Қозғалтқыштың қызып кетуі)
- *Понижение напряжения* (Кернеудің төмендеуі)
- *Асимметрия напряжения сети* (Желі кернеуінің ассиметриясы) (15 - 22 кВт)
- *Перенапряжение* (Кернеу күшінің артуы)
- *Слишком много перезапусков* (Тым көп қайта іске қосылым) (жаңылысудан кейін)
- *Большая нагрузка* (Үлкен жүктеме)
- *Неполная нагрузка* (Кем жүктелу) (15-22 кВт)

- *Сигнал датчика вне диапазона* (Диапазоннан тыс датчик сигналы)
- *Сигнал установленного значения вне диапазона* (Диапазоннан тыс орнатылған мәннің сигналы)
- *Внешняя ошибка* (Сыртқы қателер)
- *Другие ошибки* (Басқа қателер).

Егер сорғы қолмен қайта іске қосылуға орнатылған болса, осы мәзір алайда егер ақаулық жойылған болса ғана, диалог кестесінде авариялық сигнал түсірілуі болуы мүмкін.

Ескертпе
(тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар)

Ескерту сигналы пайда болған жағдайда, бұл терезеден себебі көрсетілетін болады.

Келесі индикация болуы мүмкін:

- *Отсутствие индикации предупреждения* (Ескерту индикациясының болмауы)
- *Сигнал датчика вне диапазона* (Датчиктің сигналы диапазоннан тыс жерде)
- *Заменить смазку подшипников двигателя* (Қозғалтқыш мойынтіректерінің майын айырбастау) (тек 15-22 кВт), *19.2* тарауын қар
- *Заменить подшипники двигателя* (Қозғалтқыштың мойынтіректерін айырбастау)
- *Заменить варистор* (Варсторын айырбастау), (тек 15-22 кВт), *19.4* тарауын қар.

Ақаулықтары жойылған уақытта ескерту индикациясы автоматты түрде жоғалып кетеді.

9.3.4 Ақауларды тіркеу журналы

Ақаулардың, авариялар және ескертулер сияқты, екі типіне де арналған Grundfos GO ақаулықтарды тіркеу журналы функциясы бар.

Авариялар журналы

«Авариялар» туындаған кезде бес соңғы авария индикациялары авариялар журналынан көрінеді.
«1 авариялар журналы» ең соңғы ақаулықты көрсетеді,
«2 авариялар журналы» соңғының алдындағы ақаулықты және осылайша әрі қарай.

Мысалы, келесі ақпарат кескінделуі мүмкін:

- Кернеудің төмендеуі авариясын индикациялау
- ақаулық коды (73)
- минуттармен көрсетілген уақыт, ақаулық туындағаннан кейін сорғының кернеулі болған уақыты, 8 мин.

Ескертулер журналы
(тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар)

«Ескертулер» туындаған кезде, бес соңғы ескерту индикациялары ескертулер журналынан көрінеді.
«1 ескертулер журналы» ең соңғы ақаулықты көрсетеді,
«2 ескертулер журналы « соңғының алдындағы ақаулықты, және осылайша әрі қарай.

Мысалы, келесі ақпарат кескінделуі мүмкін:

- Қозғалтқыштың мойынтіректерінің майын айырбастауды ескерту индикациясы
- ақаулық коды *(240)*
- минуттармен көрсетілген уақыт, ақаулық туындағаннан кейін сорғының кернеулі болған уақыты, *30 мин.*

9.4 КҮЙ мәзірі

Бұл мәзірде дисплей экранына тек қана күй туралы ақпарат шығарылады. Қандай да бір баптаулар немесе өзгерістер мұнда мүмкін емес.

9.4.1 Текущее установленное значение (Ағымдағы орнатылған мән)

Жол берілетін ауытқулар ± 2 %

Бұл диалогты терезеде ағымдағы орнатылған мән және сыртқы сигналмен берілетін мейілінше төмен мәннен берілген орнатылған мәннің диапазонынан % түріндегі мән индикацияланады, *13. Орнатылған мәннің сыртқы сигналы* тарауын қараңыз.

9.4.2 Режим работы (Жұмыс режимі)

Дисплейдегі мәзірдің бұл диалогты терезесі ағымдағы пайдалану режимін индикациялау үшін қызмет етеді (*Қалыпты.* (қалыпты жұмыс режимі), *Тоқтау, М.т. нремесе М.ж.*).

Бұл режимнің қай жерде таңдалғаны қосымша көрсетілген (*Grundfos GO, Сорғы, Шина немесе Сыртқы*).

9.4.3 Значение датчика (Датчиктің мәні)

Бұл терезеде қосылған датчиктің қолданыстағы мәні индикацияланады

Егер сорғыға ешқандай тетіктер қосылмай тұрса, «-» индикациясы терезесінде көрінеді.

9.4.4 Частота вращения (Айналу жиілігі)

Жол берілетін ауытқу ± 5 %

Бұл диалогты терезеде сорғының айналуының нақты мәні кескінделеді.

9.4.5 Потребляемая мощность и электропотребление (Тұтынылатын қуаттылық және электртұтыну)

Жол берілетін ауытқу ± 10 %

Бұл диалогты терезелерде сорғының электр желісінен тұтынатын қуаттылықтың нақты мәні кескінделеді.

Сорғы тұтынатын қуаттылық Вт (W) немесе кВт (kW) индикацияланады.

Электр қуатын тұтыну мәні - бұл сорғы пайда болған сәттен бастап анықталатын, жинақталған мән, ол нөлге орнатылмайды.

9.4.6 Часы работы (Жұмыс сағаттары)

Жол берілетін ауытқулар ± 2 %

Пайдалану сағаттары мәнінің саны жинақталған мәндер болып табылады және нөлге орнатылмайды.

9.4.7 Қозғалтқыш мойынтіректері майының күйі

Бұл терезеде қозғалтқыштың мойынтіректерінің майының қалай жиі айырбасталғандығы және мойынтіректерді қашан айырбастау керектігі көрінеді.

Мойынтіректердің майын айырбастап болғаннан кейін, бұл операцияны БАПТАУЛАР мәзірінде растаңыз.
9.5.11 Қозғалтқыштың мойынтіректерінің айырбасталғанын/майының айырбасталғанын растау (тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар үшін). Майдың айырбасталғанын растағаннан кейін, дисплейлі терезедегі сан бір бірлікке ұлғаяды.

9.4.8 Қозғалтқыш мойынтіректері майын ауыстыруға дейінгі уақыт

Бұл терезеде қозғалтқыштың мойынтіректерінің майын қашан жаңадан айырбастау керектігі көрінеді. Бақылаушы сорғының жұмыс істеу барысын қадағалайды және мойынтіректердің майын айырбастау процедураларының арасындағы кезеңді есепеп отырады. Егер жұмыс барысы өзгеретін болса, келесі май айырбастауға дейінгі есептеулі уақытта өзгеруі мүмкін.

Бұл жерде келесі нұсқалар болуы мүмкін:

- *через 2 года* (2 жылдан кейін)
- *через год* (бір жылдан кейін)
- *через 6 месяцев* (6 айдан кейін)
- *через 3 месяца* (3 айдан кейін)
- *через месяц* (бір айдан кейін)
- через неделю *(бір аптадан кейін)*
- *Сейчас!* (Қазір!)

9.4.9 Қозғалтқыш мойынтіректерін ауыстыруға дейінгі уақыт

Бақылаушыда көрсетілген ұсынылған уақытта мойынтіректердің майын айырбастап болғаннан кейін.

Терезе қозғалтқыштың мойынтіректерін қашан айырбастау керектігін көрсетеді. Бақылаушы сорғының жұмыс барысын қадағалайды және мойынтіректерді айырбастау аралығындағы уақытты есептеп шығарып отырады.

Бұл жерде келесі нұсқалар болуы мүмкін:

- *через 2 года* (2 жылдан кейін)
- *через год* (бір жылдан кейін)
- *через 6 месяцев* (6 айдан кейін)
- *через 3 месяца* (3 айдан кейін)
- *через месяц* (бір айдан кейін)
- через неделю *(бір аптадан кейін)*
- *Сейчас!* (Қазір!)

9.5 БАБТАУЛАР мәзірі

9.5.1 Басқару режимі

Келесі басқару режимдерінің біреуін таңдаңыз (12-сур. қар.):

- *Регулируемый* (Реттелетін)
- ***Нерегулируемый* (Реттелмейтін).**

Қажетті жұмыс сипаттамасын орнату үшін, *9.3.1 Орнатылған мән* тарауын қар.

Нұсқау ***Егер сорғы байланыс шинасына қосылған болса, басқару режимін Grundfos GO көмегімен таңдау мүкін емес. 14. Байланыс шинасының сигналы тарауын қараңыз.***

9.5.2 Реттегіш (жылдамдық алу және тоқтату)

Жиілігі реттелетін сорғыларда күшейту коэффициенті (K_p) мен біріктіру уақытына (T_i) арналған әдепкі бойынша зауыттық теңшеулер болады. Дегенмен, егер зауыттық теңшеу оңтайлы болмаса, күшейту коэффициентін және біріктіру уақытын осы мәзірден өзгертуге болады.

- Күшейту коэффициентін (К) *0,1* ден *20* дейінгі диапазонда беруге болады.
- Изодром уақытын (T_i) *0,1* ден *3600 сек.* дейінгі диапазонда беруге болады. Егер *3600 сек.* таңдалатын болса, бақылаушы кәдімгі пропорционалды реттеуіш сияқты жұмыс істейді.
- Бұдан басқа, бақылаушыны кері байланысы бар режимде жұмыс істеуге баптау мүмкіндігі бар. Бұл орнатылған мән жоғарылаған кезде, сорғының айналыс жиілігі төмендейтінін білдіреді. Бұндау басқару кезінде күшейту коэффициентін (K_p) *-0,1* ден *-20* дейінгі диапазонда орнатқан жөн.

Бұл кестеде орнатуға болатын бақылаушының орнатылымдары көрсетілген:

Жүйе/қолданысы	K_p Жылыту жүйесі[1]	K_p Салқындату жүйесі[2]	T_i
	0,5		0,5
	0,1		0,5
	0,5		0,5
	0,5	- 0,5	$10 + 5L_2$
	0,5		$10 + 5L_2$
	0,5	- 0,5	$30 + 5L_2$
	0,5		0,5
	0,5		$L_1 < 5$ м: 0,5 $L_1 > 5$ м: 3 $L_1 > 10$ м: 5

[1] Жылыту жүйелері - сорғының өндірімділігінің ұлғайуы датчиктің орнатылған жеріндегі температураның жоғарылауына әкеліп соғатын қондырғылар.

[2] Салқындату жүйелері - сорғының өндірімділігінің ұлғайуы датчиктің орнатылған жеріндегі температураның төмендеуіне әкеліп соғатын қондырғылар.

L_1 = Сорғы мен датчиктің арасындағы арақашықтық [м].

L_2 = Жылуалмастырғыш пен датчиктің арасындағы арақашықтық [м].

Бақылаушының ПИ қондырғысы:

Қолдану саласының, көбісіне, K_p және T_i тұрақты бақылаушыларының зауыттық баптаулары сорғының оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бірақ кейбір жағдайларда бақылаушының қосымша реттеулері қажет болады.

Келесілерді жасау қажет:

1. Электр қозғалтқыш тұрақсыз болуы үшін, күшейту коэффициентін (K_p) жоғарылату.
   Өлшенген мән тербеле бастаған кезде, тұрақсыздық сырттай қарап анықталады. Қозғалтқыштың білігінің айналу жиілігі төмен-жоғары тербеле бастаған кезде, бұдан басқа, тұрақсыздықты дыбыспен анықтауға болады, Термореттегіштер сияқты кейбір жүйелер баяулап реттелуші болып табылады, яғни қозғалтқыш жұмысы тұрақсыз болардың алдында бірнеше минут өтеді.
2. Күшейту коэффициентін (K_p) қозғалтқыштың тұрақсыздығына әкеліп соққан өлшемнен 2 есе төмен өлшемге орнату керек. Күшейту коэффициенті осылай дұрыс орнатылады.

3. Электр қозғалтқыш жұмысы тұрақсыз болғанша біріктіру уақытын (T_i) төмендетіңіз.
4. Біріктіру уақытын (T_i) қозғалтқыш тұрақсыздығына әкелетін мәннен 2 есе үлкен мәнге орнатыңыз. Осы жолмен изодром уақыты орнатылады.

Жалпы әдіс:

- Егер бақылаушы тым баяу әсер ететін болса, K_p ұлғайту керек.
- Егер бақылаушының басқару сигналы тербелетін болса немесе тұрақсыз болатын болса, жүйені төмендетумен K_p немесе ұлғайтумен T_i демпфирлеу керек.

9.5.3 Сыртқы орнатылған мән

Сыртқы орнатылған мәннің сигналының кіруі сигналдардың әр түрлі типтеріне бапталған болуы мүмкін.

Келесі типтердің біреуін таңдаңыз:

- *0-10 В*
- *0-20 мА*
- *4-20 мА*
- ***Не актив.*** **(Белсендірілмеген)**

Егер *Не активировано* (Белсендірілмеген) таңдалған болса, Grundfos GO арқылы берілген немесе басқару панеліндегі орнатылған мән қолданылады.

Егер сигнал типтерінің біреуі таңдалған болса, нақты орнатылған мәнге сыртқы орнатылған мәннің кіруіне жалғанған сигнал әсер етеді, *13. Орнатылған мәннің сыртқы сигналы* тарауын қар.

9.5.4 Реленің баптауы

Қуаттылығы 15-22 кВт сорғылар екі сигналды релемен жабдықталған. Зауыттық баптауларға сәйкес 1 сигналды реле *Аварияға* орнатылған, ал 2 сигналды реле - *Ескертуге*.

Төмендегі терезелердің бірінде, қандай жағдайда сигналды реле Белсендірілген болуы керектігін таңдаңыз.

- *Готов* (Дайын)
- ***Неисправность*** **(Ақаулық)**
- *Эксплуатация* (Пайдалану)

1-сигналды реле (15-22 кВт)

- *Готов* (Дайын)
- *Авария*
- *Работа* (Пайдалану)
- *Насос работает* (Сорғы жұмыс істейді)
- *Предупреждение* (Ескертпе)
- *Смазка подшипников* (Майын айырбастау)

2-сигналды реле (15-22 кВт)

- *Готов* (Дайын)
- *Авария*
- *Работа* (Пайдалану)
- *Насос работает* (Сорғы жұмыс істейді)
- *Предупреждение* (Ескертпе)
- *Смазка подшипников* (Майын айырбастау)

Нұсқау

«Қателік» және «Авария» Авариялық сигнализацияның пайда болуына әкеліп соғатын ақаулықты қамтиды. «Ескерту» Ескертудің пайда болуына әкеліп соғатын ақауды қамтиды. «Майды айырбастаау» тек жеке нақты жағдайды қамтиды.

9.5.5 Өнімнің түймелері

⊛ және ⊛ басқару пернелерін қашықтан басқару пульті және Grundfos GO бағдарламасы көмегімен белсенді және белсенді емес күйге ауыстыруға болады:

- *Актив.* (Белсендірілген)
- *Не актив.* (Белсендірілмеген).

Егер Белсендірілмеген таңдалған болса (пернетақта блоктаулы), сорғыдағы түймелер жұмыс істемейді. Егер сорғы сыртқы басқару жүйесі арқылы басқарылатын болса, пернетақта үшін Белсендірілмеген күйін таңдаңыз.

9.5.6 Сорғының нөмірі

Сорғыға 1 ден 64 дейін нөмір берілуі мүмкін. Коммуникацияны байланыс шинасы арқылы ұйымдастырған жағдайда әр бір сорғыға нөмір берілуі тиіс.

9.5.7 Сандық кіру

Сорғының сандық кіруінің параметрлерін орнатуды (1 клемма, 6-сур.) әр түрлі функцияларға арнап орындауға болады.

Келесі функциялардың біреуін таңдаңыз:

- ***Мин.*** **(мейілінше төмен сипаттама)**
- *Макс.* (мейілінше жоғары сипаттама).

Таңдалған функция 1 және 9 клеммалардың жалғауышынң көмегімен тұйықтау кезінде қосылады (6-сур.).

Мин.:

Егер кіру белсендірілген болса, сорғы мейілінше төмен (м.т.) сипаттамамен пайдалану режиміне ауысады.

Макс.:

Егер кіру Белсендірілген болса, сорғы мейілінше жоғары (м.ж.) сипаттамамен пайдалану режиміне ауысады.

9.5.8 Датчиктің типі

Датчиктің параметрлері тек реттелетін пайдалану режимінде орнатылуы тиіс.

Бұл жерде мәзір терезесіндегі дисплейде келесі орнатуларды орындау керек:

- Датчиктің шығу сигналы
  0-10 В
  0-20 мА
  4-20 мА
- Датчикке арналған өлшем бірліктері:
  bar, mbar, m, kPa, psi, ft, m³/h, m³/s, l/s, gpm, °C, °F, %
  (бар, мбар, м, кПа, фунт/дюйм, фут, м/сағ., м/секунд, а/к, гал/мин, C, F немесе %)
- Датчиктің өлшем диапазоны.

9.5.9 Жұмыс диапазоны

Жұмыс диапазонын орнату:

- М.т. сипаттама м.ж. сипаттама мен м.ж. өндірімділіктің 12 % аралығындағы диапазонда орнатылуы мүмкін. Дайындаушы-зауытта сорғы м.ж. өндірімділіктен 24 % -ға реттелген.
- М.ж. сипаттама м.ж. өндірімділікпен (100 %) м.т. сипаттама аралығындағы диапазонда орнатылуы мүмкін.

Жұмыс диапазоны м.ж. және м.т. сипаттамалар арасында орналасқан.



20-сур. М.т. және м.ж. сипаттаманы м.ж. өндірімділіктен % түрінде орнату

9.5.10 Электр қозғалтқыштың мойынтіректерін бақылау (тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар)

Электр қозғалтқыштың мойынтіректерін бақылау функциясы мынандай болуы мүмкін:

- ***Актив.*** **(Белсендірілген)**
- *Не актив.* (Белсендірілмеген).

Егер функция «Активирована» болса, бақылаушыдағы есептегіш мойынтіректердің жүрісін мильмен есептейді. *9.4.7 Қозғалтқыштың (тек 15-22 кВт) мойынтіректерінің майлануының күйі* тарауын қараңыз.

Нұсқау ***Есептеуіш, функция ағытулы болсада, есептеуін жалғастыра береді. Бірақ бұндай жағдайда, майды айырбастау уақыты келген кезде, тиісті ескерту көрінбейді. Егер функция қайтадан Белсендірілген болса, жалпы жүрісі қайтадан майды айырбастау уақытын есептеу үшін қолданылады.***

9.5.11 Қозғалтқыштың майы айырбасталуын/ мойынтіректерінің айырбасталуын растау (тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар)

Бұл функцияда келесі орындалулар болуы мүмкін:

- *Майын ауыстыру*
- *Заменены* (Айырбасталған)
- ***Без изменений*** **(Өзгеріссіз).**

Егер мойынтіректерді бақылау функциясы Белсендірілген болса, қозғалтқыштың мойынтіректерінің майын айырбастау қажет болған кезде немесе мойынтіректерді айырбастау керек болған кезде, бақылаушы ескерту сигналын береді.

Мойынтіректердің майын немесе мойынтіректердің өзін айырбастап болғаннан кейін «ОК» түймесін басып бұл операцияны диалог терезесінде растаңыз.

Нұсқау ***Майдың айырбасталғанын айырбастағаннан кейін біраз уақытқа дейін «Май айырбасталды» функциясын таңдауға болмайды.***

9.5.12 Күту режимінде қыздыру (тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар)

Күту режимінде қыздыру функциясын орнату үшін, келесі мүмкіндіктер бар:

- *Актив.* (Белсендірілген)
- ***Не актив.*** **(Белсендірілмеген).**

Егер функция Белсендірілмеген болса, қозғалтқыштың орамдарына тұрақты токтың кернеуі беріледі. Тұрақты токтың берілетін кернеуі, қозғалтқыштың ішінде конденсаттың түзілмеуі үшін, жеткілікті жылу шығаруды кепілдейді.

10. PC Tool E-products көмегімен параметрлерді орнату

Назар аударыңыз ***PC-Tool көмегімен параметрлерді орнату жұмысын қызмет көрсету орталықтарының білікті мамандары ғана орындауы керек.***

Grundfos GO Remote арқылы орындалатын баптаулардан ерекше болатын арнайы параметрлерді орнату үшін, Grundfos PC Tool E-producrs бағдарламалық қамтамасыз етулері талап етіледі.

Бұл жағдайда Grundfos компаниясының маманының көмегі қажет болады. Бұдан да анығырақ ақпараттар алу үшін, Grundfos компаниясының жергілікті өкілдігіне жүгініңіз.

11. Баптаулар басымдылығы

Баптаулар басымдылығы екі факторға байланысты болады:

1. Таңдап алынған басқару қайнарынан.

2. Таңдап алынған баптаулардан

1. Басқару қайнары

- Басқару панелі
- Сыртқы сигналдар (орнатылған мәннің сыртқы сигналдары, сандық кіріс және т.б.).
- Байланыстың шинасы арқылы басқарудың басқа жүйесімен хабарлама

2. Баптаулар

- *Тоқтату* пайдаланымының режимі
- *М.ж.* (мейлінше жоғары сипаттама) пайдаланымының режимі
- *М.т.* (мейлінше төмен сипаттама) пайдаланымының режимі
- Орнатылған мәнді баптау

Жиілікті-реттелетін сорғылар бірден бірнеше қайнарынан басқарыла алады және осы қайнарлардың әрқайсысы әр түрлі баптауларға ие болады. Сондықтан басқару қайнарлары мен баптаулар басымдылығын орнату қажет.

Нұсқау ***Егер біруақытта екі баптаудан артық белсендірілген болса, сорғы жоғары басымдылығы бар функцияға сәйкес жұмыс істейтін болады.***

Байланыс шинасы арқылы коммуникациямен баптаулар басымдылығы

Басымдылық	Grundfos GO Remote басқару панелі	Сыртқы сигналдар
1	Тоқтату	
2	М.ж.	
3		Тоқтату
4		М.ж.
5	М.т.	М.т.
6	Орнатылған мәнді баптау	Орнатылған мәнді баптау

Мысал: Егер E-сорғы сыртқы сигнал мысалы, сандық кіру көмегімен М.ж жұмыс режимі (мейлінше жоғары жиілігімен) бапталған болса, сорғыға арналған басқару пернетақтасының немесе Grundfos GO Remote көмегімен тек Тоқтату пайдалану режимі енгізіледі.

Байланыс шинасы арқылы коммуникациямен баптаулар басымдылығы

Басымдылық	Grundfos GO Remote басқару панелі	Сыртқы сигналдар	Шина арқылы байланыс
1	Тоқтату		
2	М.ж.		
3		Тоқтату	Тоқтату
4			М.ж.
5			М.т.
6			Орнатылған мәнді баптау

Мысал: Егер E-сорғы байланыс шинасы арқылы беріліп, орнатылған мәнге сәйкес пайдаланылатын болса, E-сорғыға арналған басқару пернетақтасының немесе Grundfos GO Remote көмегімен тек Тоқтату немесе М.ж. пайдалану режимі енгізіледі, сыртқы сигнал көмегімен - тек тоқтату режимі.

12. Мәжбүрлеп басқарудың сыртқы сигналдары

Сорғыда мәжбүрлеп басқарудың келесі функцияларына арналған сыртқы сигналдардың кіруі бар:

- Сорғыны іске қосу\ажырату
- Сандық функция

12.1 ІСКЕ ҚОСУ\АЖЫРАТУ кіруі

Сыртқы ІСКЕ ҚОСУ\АЖЫРАТУ үшін кіру жұмысының схемасы:
ІСКЕ ҚОСУ\АЖЫРАТУ кіруі

Іске қосу\ажырату (2 және3 клеммалары)	
	**Пайдаланудың қалыпты режимі**
	**Тоқтату**

12.2 Сандық кіру

Сандық кіру үшін Grundfos GO Remote пультінің көмегімен келесі функциялардың бірін таңдау керек:

- *Нормальный режим эксплуатации* (Пайдаланудың қалыпты режимі)
- *Мин. характеристика* (М.т. сипаттама)
- *Макс. характеристика* (М.ж. сипаттама)
- *Внешняя неисправность* (Сыртқы ақаулық)
- *Реле расхода* (Реле шығыны).
- *Сухой ход* (Құрғақ айналым).

Ішкі ҚОСУ/АЖЫР арналған кіру жұмыстарының сызбасы:
Сандық функциясына арналған кіру:

Сандық функция (1 және 9 клеммалары)	
	**Пайдаланудың номиналды режимі**
	**Мейлінше төмен сипаттама**
	**Мейлінше жоғары сипаттама**
	**Сыртқы ақаулық**
	**Шығын релесі**
	**Құрғақ айналым**

13. Орнатылған мәннің сыртқы сигналы

Орнатылған мән ұқсас сигналдар қабылдағышының қашықтан қосуымен орнатылған мәннің кіру сигналына беріле алады (4-клемма).



21-сур. Нақты орнатылған мән - бұл орнатылған мән мен сыртқы орнатылған мән туындысы (көбейтілген мән)

Нақты орнатылған мәннің сигналын таңдаңыз, 0-10 В, 0-20 мА, Grundfos GO Remote көмегімен, *9.3.3 Сыртқы орнатылған мән* тарауын қараңыз.

Егер Grundfos GO Remote көмегімен реттелмейтін режим таңдалған болса, сорғы кез-келген контроллер арқылы басқарыла алады.

Реттелетін басқару режиміндегі орнатылған мән сорғыдағы берілген Grundfos GO Remote көмегімен орнатылған мән және датчиктің өлшеу диапазонының төменгі мәндерінің арасында берілуі тиіс.

22-сур. Реттелетін режимдегі нақы орнатылған мән мен нақы орнатылатын мәннің сыртқы сигналының арасындағы айырмашылық

Мысал: Яғни датчиктің көлемі 0 бар, орнатылған мән 3 бар, ал сыртқы орнатылған мән 80 % тең, нақты орнатылған мән мынандай болады:

Нақты орнатылған мән = (орнатылған мән -датчик$_{мин}$) x % $_{сыртқы\ орнатылған\ мән}$ + датчик$_{мин}$.

= (3 - 0) x 80 % + 0

= 2,4 бар

Басқарудың реттелмейтін режимінде орнатылған мәнді сырттан беруге болады, мин. сипаттамасы мен сорғыға берілген Grundfos GO Remote пульті арқылы берілген мәндер диапозоны аралығында беруге болады.



23-сур. Нақты орнатылған мән мен реттелетін режимнің ажыратылған тізбегіндегі орнатылған мәннің сыртқы сигналы арасындағы байланыстылық

14. Байланыс шинасының сигналы

Сорғы RS-485 жүйелі интерфейсімен жабдықталған. Бұл Grundfos шиналары және GENIbus деректерін беру хаттамасының көмегімен байланыс режимдерін анықтауға және ғимараттың инженерлік жабдықтарын диспетчерлеу жүйесіне немесе басқа да сыртқы басқару жүйесіне қосылуға мүмкіндік береді.

Байланыс шинасының сигналының көмегімен сорғының орнатылған мәні, жұмыс режимі және т.б. сияқты пайдалану параметрлерін қашықтықтан реттеуді жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар байланыс шинасы арқылы сорғыдан маңызды параметрлердің күйі жайлы, мысалы, реттелетін параметрлердің нақты мәні, қолданылатын қуаттылық, ақаулар сигналы және т.б. ақпараттар беріле алады.

Бұдан арғы ақпаратты тікелей Grundfos компаниясымен байланысу арқылы алуға болады.

15. Байланыс шинасының басқа да стандарттары

Grundfos байланыс шинасының түрлі шешімдерін коммуникация ұйымымен басқа стандарттармен шешуді ұсынады.

Бұдан арғы ақпаратты тікелей Grundfos компаниясымен байланысу арқылы алуға болады.

16. Сигнализация жүйесінің жарық индикаторлары және релесі

Сорғының басқару панеліндегі және клеммалы қораптың ішіндегі жарық индикациясы (жасыл және қызыл түсті) сорғының ағымдағы пайдалану режимін көрсетеді.

24-сур. қараңыз.



24-сур. Үш фазалы электр қозғалтқышы бар сорғылардағы жарық индикаторлары

Бұдан басқа, сорғыда қиылыстырып орнатылған реле арқылы берілетін потенциялсыз сигналға арналған кіру бар.

Сигнализация релесінің шығу мәндері *9.5.4 Реленің баптауы* тарауында келтірілген.

Екі жарық индикаторларының және 15-22 кВт қуаттылығы кезіндегі сигнализация релесінің функциялары кестеде келтірілген:

Световые индикаторы		**Реле сигнализации включается при:**				
Ақаулық (қызыл)	**Жұмыс режим (жасыл)**	**Ақаулық\ Авария, Ескерту, Майын айырбастау**	**Жұмыс режимі**	**Әзірлік**	**Сорғы жұмыс істеуде**	**Сипаты**
Жанбайды	Жанбайды	C NO NC	C NO NC	C NO NC	C NO NC	Қорек ажыратылған.
Жанбайды	Үнемі жанып тұрады	C NO NC	C NO NC	C NO NC	C NO NC	Сорғы жұмыс істеуде.
Жанбайды	Үнемі жанып тұрады	C NO NC	C NO NC	C NO NC	C NO NC	Сорғы тоқтату функциясымен тоқтатылған.
Жанбайды	Жыпылықтап тұр	C NO NC	C NO NC	C NO NC	C NO NC	Сорғы тоқтатуға ыңғайластырылған.
Үнемі жанып тұрады	Жанбайды	C NO NC	C NO NC	C NO NC	C NO NC	Соғы *Ақауға/Аварияға* немесе индикациямен жұмыс істеуде, *Ескерту* немесе *Майын айырбастауға* байланысты ажыратылған. Сорғы ажыратылған және қайра іске қосылуға дайындалуда (сорғыны жаңадан іске қосуды *Ақаулар* сигнализациясын түсіру жолымен жүзеге асыруға болады). Егер ақаулықтың себебі «Сыртқы қателік» болатын болса, сорғы *Ақаулар* сигнализациясын түсіру жолымен қолмен іске қосылуы тиіс.
Үнемі жанып тұрады	Үнемі жанып тұрады	C NO NC	C NO NC	C NO NC	C NO NC	Сорғы жұмыс істеуде, бірақ *Ақаулық/Авария* индикациясы қосулы тұр, немесе *Ескерту/Майын айырбастау* индикациясымен жұмыс істеуде. Егер ақаудың себебі «Датчик сигналы жол берілетін мәндер шегінен тыс жерде» болса, сорғы ең жоғары сипаттамада жұмысын жалғастыра береді. *Ақаулық* индикациясы тек сигнал шамасы қайтадан мәндердің жол берілген диапазонының шегінде болған кезде кетеді. Егер ақаудың себебі «Орнатылған мәннің сигналы жол берілген мәндерден тыс жерде» болса, онда сорғы ең төменгі сипаттамамен жұмыс істеуді жалғастыра береді. *Ақаулық* индикациясы тек сигнал щамасы қайтадан мәндердің жол берілген диапазонының шегінде болған кезде кетеді.
Үнемі жанып тұрады	Жыпылықтап тұр	C NO NC	C NO NC	C NO NC	C NO NC	Сорғыны ажырату белгіленген болатын, бірақ ол *Ақаулық* салдарынан өшірілген.

Ақаулық индикациясын түсіру

Ақаулық сигналын түсіру былай орындалады:

- Сорғыда орналасқан ⊛ немесе ⊛. түймесін аз уақыт басу жолымен. Бұл сорғының бабтауына еш әсерін тигізбейді. Егер пернетақтаға тосқауыл қойылған болса, бұл операция орындалмайды;
- Сорғының қорек кернеуін, пернетақтасы бар пульттегі сигнализация жарықтары сөнетіндей қылып, ажырату көмегімен;
- Сыртқы ІСКЕ ҚОСУ\АЖЫРАТУ кіруін қара қосу арқылы;
- Grundfos GO көмегімен, *9.3.3 Авариялар мен ескертулер*.

Grundfos GO сорғымен өзара әрекет жасаған кезде, қызыл түсті жарық индикаторы жиі жыпылықтайды.

17. Оқшаулау кедергісі

Назар аударыңыз

15 - 22 кВт
Электр қозғалтқыштың немесе «E» типті сорғысы бар қондырғылар орамдарының оқшаулау кедергісін өлшеуді жоғары вольтты жабдықтардың көмегімен жүргізуге болмайды, өйткені электронды жабдық істен шығуы мүмкін.
Электр қозғалтқыштың сымдарын жекелеп ағытып, орамдардың оқшаулау кедергісін тексеруге болады.

18. Апаттық режимдегі жұмыс

Ескертпе
Кез-келген жұмысты бастар алдында, кем бегенде бұдан бес минут бұрын клеммалы қораптағы қорек кернеуін ажырату керек. Сигналды реленің қорек желісінен ажырату барысында жалғанған болып қалатын сыртқы қорек қайнарына жалғауға болатындығына назар аударыңыз.

Егер сорғы тоқтатылған болса және ақаулықтарды жою бойынша стандартты үдеріістің орындалуынан кейін жіберілмесе, себеп ақаулы жиілікті түрлендіргіште болуы мүмкін. Бұл жағдайда сорғыны пайдаланудың авариялық режимін орнатуға болады.

Авариялық режимге өтпес бұрын тексеру ұсынылады:

- желіден келетін қоректің қалыпты-қалыпсыздығы
- басқарушы сигналдар іске қосылатын-қосылмайтындығын (іске қосу/ажырату сигналы)
- барлық авариялық сигналдары түсірілген-түсірілмегені
- сонымен қатар қозғалтқыш орамдарында электрлі қарсыластықты өлшеуді (клеммалық қорапты қозғалтқыш сымынан ажыратып).

Егер сорғы осы қалпында қосылмаса, бұл жиілік түрлендіргіші ақаулы екендігін көрсетеді.

Сорғыны пайдаланудың апатты режимін қою үшін мыналарды орындаңыз:

1. L1, L2, L3 қуатты кабельдің үш тарамын клеммалы қораптан ажыратып тастаңыз, бірақ қорғаныш жерге тұйықтаудың сымын өзінің орнында PE клеммасында қалдырыңыз.



2. Электр қозғалтқыштың U/W1, V/U1, W/V1 қуатты сымдарын клеммалы қораптан ажыратыңыз.



3. 25-сур. көрсетілгендей етіп, сымды жалғаңыз.



26-сур. «E» типіндегі сорғының қалыпты жұмыс режимінен авариялыққа ауысуы

Күштік кабелі клеммаларының бұрандаларын және қозғалтқыш кабелі клеммаларының гайкаларын қолданыңыз.



TM03 9121 3407

4. Байланыстыру орындарында қозғалтқыш кабелінің сымына оқшаулау жабынын орнатыңыз және оқшаулау таспаларымен бекітіңіз.



TM03 9122 3407



TM03 9123 3407

Ескертпе
Жиілік түрлендіргіші ішіндегі U, V, W клеммаларына қуат кабелін қосуға тыйым салынады. Бұл жиілік түрлендіргішіне зақым келтіріп, адамға жоғары кернеу қаупін тудыруы мүмкін.

Назар аударыңыз ***Іске қосу кезінде авариялық режимге ауысқаннан кейін, айналыс бағытын тексеріңіз.***

Назар аударыңыз ***Басқару сөресінде қосқыш пен қозғалтқыштың қорғаныс релесін орнату қажет.***

19. Техникалық қызмет көресету

19.1 Электр қозғалтқышын тазарту

Электр қозғалтқыш пен электронды жабдықтың ауамен салқындату жүйелерінің салқындату қабырғалары мен желдеткіш қалақтары үнемі таза болуы тиіс.

19.2 Қозғалтқыштың мойынтіректерін майлайтын майды айырбастау

Қуаттылығы 15 -22 кВт сорғылар

Аталған электр қозғалтқыштардағы ашық типті мойынтіректердің майлайтын майлары жиі айырбасталып тұруы тиіс.

Назар аударыңыз ***Аталған типті мойынтіректер жеткізілген кезде, орнатудың алдында майлайтын маймен толтырылады***

Электр қозғалтқыштың мойынтіректеріндегі майлайтын майларды айырбастау қажет болған кезде, кіріктірілген мойынтіректерді бақылау функциясы Grundfos GO экранға ескерту сигналын береді.

Нұсқау ***Майды айырбастағаннан кейін, электр қозғалтқышының түбінде және мойынтіректі буын қақпағында бұрандалы тығынды бұрап босату қажет. Осылайша мойынтіректерден ескі майды немесе артық жаңа консистенттік майды алып тастау үшін қажетті жағдайлар жасалған.***

Пйдалану барысында майды алғашқы айырбастау барысында май құбыршегі консистенттік маймен толтырылмайынша, консистенттік майдың қосарланған көлемін құю керек.

Қозғалтқыштың типтік өлшемі	Консистенттік майдың көлемі [мл]	
	Жетек жағынан (DE)	Қарама қарсы жағынан (NDE)
MGE 160	13	13
MGE 180	15	15

Поликарбамид базасында консистенттік майды қолдану ұсынылады.

19.3 Электр қозғалтқыштарының мойынтіректерін айырбастау

15-22 кВт қуатты электр қозғалтқыштары қозғалтқыш мойынтіректерін алмастыру қажет болғанда, ескертпе сигналын Grundfos GO экранға шығаратын мойынтіректерді бақылаудың кіріктірілген функциясымен қамтамасыз етілген.

19.4 Варисторды алмастыру (тек 15-22 кВт)

Варистор сорғыны желінің өтпелі кернеуінен қорғайды.

Өтпелі кернеу ісерінен варистор бірте-бірте тозатын болады және оны алмастыру керек. Өтпелі кернеу көбейген сайын, варистор тезірек тозады.

Оны алмастыру керек болған уақытта Grundfos Go Remote және PC Tool E-products ескертпе формасында сигнал береді.

Варисторды Grundfos Сервистік орталығының маманы ғана алмастыру керек. Компанияның жергілікті өкілдігіне жүгініңіз.

19.5 Қосалқы бөлшектер мен қосалқы бөлшектерінің жиынтығы

Қосалқы бөлшектер мен қосалқы бөлшектерінің жиынтығы туралы анығырақ ақпаратты www. Grundfos.com сайтынан алуға болады (Ел мен Grundfos Product center-ді таңдаңыз).

20. Техникалық деректер - үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылары, 11 - 22 кВт

20.1 Қорек кернеуі

3 x 380-480 В -10 %/+10 %, 50/60 Гц -3 %/+3 %, PE (қорғанышты жерге тұйықтауымен).
Кабель: М.ж. 10 мм^2
70 °C-ге м.т. тек мыс сымдарын қолданыңыз.

Сақтандырғыштардың ұсынылған типтік өлшемдері

Қозғалтқыштың типтік өлшемдері [кВт]	М.ж. [А]
11	32
15	36
18,5	43
22	51

Балқымалы стандартты салқындатқыш, сонымен қатар тез жанатын немесе баяу жанатын сақтандырғыштар қолданылады.

20.2 Шектен тыс жүктелімінен қорғау

Жиілікті-реттегіш сорғыларының шамадан тыс жүктелімінен қорғау электр қозғалтқышының әдеттегі қорғанышы сияқты сипаттаманы білдіреді.

Мысалға, «E» типіндегі электр қозғалтқышы 1 минут ішінде $I_{ном}$-дан 110 % тең болатын артық жүктелімін көтереді.

20.3 Ағу тогы

Жерге ағу тогы > 10 мА.

20.4 Кіру/шығу

ҚОСУ/АЖЫР

Сыртқы потенциалсыз түйісу.
Кернеу: 5 В DC.
Ток: <5 мА.
Экрандалған кабель: 0.5 - 1,5 мм^2.

Сандық кіру

Сыртқы потенциалсыз түйісу.
Кернеу: 5 В DC.
Ток: <5 мА.
Экрандалған кабель: 0.5 - 1,5 мм^2.

Орнатылған мәннің сигналдары

- Потенция өлшегіш
  0-10 В DC, 10 кОм (кернеудің ішкі қайнары).
  Экрандалған кабель: 0,5 - 1,5 мм^2.
  Кабельдің барынша ұзындығы: 100 м.
- Кернеу сигналы
  0-10 В DC, R1 > 50 кОм.
  Шақтама: кернеудің мейлінше жоғары сигналы барысында + 0 %/- 3 %.
  Экрандалған кабель: 0,5 - 1,5 мм^2.
  Кабельдің барынша ұзындығы: 500 м.
- Ток сигналы
  DC 0-20 мА/4-20 мА, R1 = 250 Ом.
  Шақтама: токтың мейлінше жоғары сигналы барысында + 0 %/- 3 %
  Экрандалған кабель: 0.5 - 1,5 мм^2.
  Кабельдің барынша ұзындығы: 500 м

Датчик сигналы

- Кернеу сигналы
  0-10 В DC, R1 > 50 кОм (кернеудің ішкі қайнары арқылы)
  Шақтама: кернеудің мейлінше жоғары сигналы барысында + 0 %/- 3 %.
  Экрандалған кабель: 0,5 - 1,5 мм^2.
  Кабельдің барынша ұзындығы: 500 м.
- Ток сигналы
  DC 0-20 мА/4-20 мА, R1 = 250 Ом.
  Шақтама: токтың мейлінше жоғары сигналы барысында + 0 %/- 3 %
  Экрандалған кабель: 0.5 - 1,5 мм^2.
  Кабельдің барынша ұзындығы: 500 м

Реле сигнализациясының шығуы

- Сыртқы потенция өлшегішке арналған 10 В қорек қайнары:
  М.ж. жүктеме: 2,5 мА.
  Қысқа тұйықталудан қорғалған.
- Датчиктерге арналған 24 В қорек қайнары:
  М.ж. жүктеме: 40 мА.
  Қысқа тұйықталудан қорғалған.

Реле сигнализациясының шығуы

Ауысатын потенциалсыз түйісу.
Түйісудіңмейлінше жоғары жүктемесі 250 В AC, 2 А, cos φ 0,3 - 1.
Түйісудіңмейлінше төмен жүктемесі 5 В DC, 10 мА.
Экрандалған кабель: 0,5 - 2,5 мм^2.
Кабельдіңбарынша ұзындығы: 500 м.

Байланыс шинасының кіруі

Grundfos шинасының хаттамасы, GENIbus хаттамасы, RS-485.
Экрандалған 3 тармақты кабель: 0,2 - 1,5 мм^2.
Кабельдің барынша ұзындығы: 500 м.

20.5 ЭМЖ-нің басқа да техникалық деректері

ЭМС

Жүргізілген және сәулеленетін кедергілер:
Бұл қозғалтқыштар 51318.11 МемСТ, 2-тобы, А сыныбына сәйкес келетін С3 санатына жатады және өнеркәсіптік **аудандарда** орнатылады (екінші деңгей).

ЭМЖ сыртқы сүзгісімен жабдықтау барысында бұл қозғалтқыштар 51318.11 МемСТ, 1-тобы, А сыныбына сәйкес келетін С2 санатына жатады және **тұрғын аудандарда** орнатылады (екінші деңгей).

Ескертпе
Осы қозғалтқыштар тұрғын аудандарында орнатылған уақытта қозғалтқыш радиокедергі туындатуы мүмкін болғандықтан қосымша шаралар талап етіледі.

11, 18,5 және 22 кВт қуатты электр қозғалтқыштарын жалғау барысында 30804.3.12 МемСТ (61000-3-12:2004 МЭК) талаптарына сәйкес құрастырушылар мен тұтынушылар жалпылық тағайындалымдағы электрмен жабдықтау желісіне жалғанған нүктесінде қысқаша тұйықталуының қуаты төменде келтірілген деректерге сәйкес келетіндігіне куәлік етуі керек:

Қозғалтқыш қуаты [кВт]	КЗ барысындағы қуат [кВА]
15	-
18,5	2700
22	3000

15 кВт қуатты электр қозғалтқыштары басу бүктемесінің сүзгісін электр қозғалтқышының клеммалық қорабы мен қорек желісі арасында орнату барысында ғана 30804.3.12 МемСТ (61000-3-12:2004 МЭК) талаптарына сәйкес болады.
Кедергіге тұрақтылық:
Электр қозғалтқыштары бірінші және екінші деңгей пайдаланымындағы жағдайларға қатысты талаптарға жауап береді.

Қосымша ақпарат алу үшін, Grundfos компаниясымен байланысыңыз.

Қорғаныш сыныбы

IP55

Оқшаулауда қыздыруға тұрақтылық сыныбы

F

Қоршаған ортаның температурасы

Пайдалану процесінде

- М.т. -20 °C
- Сипаттамалар шектеуінсіз м.ж. +40 °C.

Ауаның қатысты ылғалдылығы

м.ж. 95 %.

Дыбыстық қысым деңгейі

Электр қозғалт-қышы [кВт]	Фирмалық тақташада көрсетілген айналым жиілігі [мин$^{-1}$]	Дыбыстық қысым деңгейі [дБ(А)]
15	2800-3000 3400-3600	65 70
18,5	2800-3000 3400-3600	66 71
22	2800-3000 3400-3600	75 80

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

98772795 1216

ECM: 1194688

GRUNDFOS